**Қазақстан Республикасының атынан**
**Ш Е Ш І М**

2024 жылғы 20 қыркүйек 3115-24-00-2/2146 Тараз қаласы

Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Р.К.Ясарова қойылған талап бойынша азаматтық істі оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қарады.

**ТАЛАП ҚОЮШЫ:**
«Жамбыл облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының Меркі ормандарды және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мекемесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

**ЖАУАПКЕР:**
жеке кәсіпкер «Мадина» Мадина Сапаргалиевна Аширбаева

**ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:**
1.мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. тұрақсыздық айыппұл өндіру туралы

**ҚАРАР БӨЛІГІ:**

АПК-нің 267-4,223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот,

**ШЕШІМ ЕТТІ:**

Талап қоюшы «Жамбыл облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының Меркі ормандарды және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мекемесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер жеке кәсіпкер «Мадина» Мадина Сапаргалиевна Аширбаеваны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыппұл өндіру туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Мадина» Мадина Сапаргалиевна Аширбаева мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Мадина» Мадина Сапаргалиевна Аширбаевадан мемлекет пайдасына 6 640,30 (алты мың алты жүз қырық) теңге 30 тиын тұрақсыздық айыппұл өндірілсін.

Жеке кәсіпкер «Мадина» Мадина Сапаргалиевна Аширбаевадан мемлекет пайдасына 2045 (екі мың қырық бес) теңге мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым жасауы немесе прокурор наразылық білдіруі мүмкін.

Судья Р.К.Ясарова

Құжатқа қол қойылған: Ясарова Р. К., 20.09.2024

Заңды күшіне енген күні: 29.10.2024, судья Ясарова Р. К., 30.10.2024

3115-24-3-1/2246